

#ЖаңаҚазақстан

Қазіргі ұрпақ өкілдері еліміз үшін табанды жұмыс істеуі керек. Біз бәріміз халық ретінде, ең алдымен, еңбекқор болуымыз қажет. Саяси ойындарға тосқауыл қойған жөн. Біз өткенге жалтақтамай, жарқын болашағымызға зор сеніммен қадам басуымыз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚҰРМЕТ



САХНА САҢЛАҒЫ

4

ТАБИҒАТ АЯСЫНДА



ТАУ БӨКТЕРІНДЕГІ ДЕМАЛЫС

6-7

ТАНЫМ



ЖЕТІ САНЫ КИЕЛІ ҰҒЫМ

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

25.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+29+31 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

26.06.2022

Түнде:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+34+36 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №72 (6207) 25 маусым, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫЛЫҚТАР ҚЫЗЫҒАТЫН АУДАН

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесті




Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бұл шаһар басшысының халықпен жетінші кездесуі. Логистика және көлік академиясында өткен іс-шараға 500-ден астам қала тұрғыны келді.

2

ENBEK.KZ

ҮЛКЕН МҮМКІНДІК Жастар үшін бос орындар жәрмеңкесі өтеді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жуырда, нақтырақ айтсақ, 27-29 маусым аралығында ең ауқымды көлемде бос орындар жәрмеңкесі өтеді. Мақсаты – жастар мен оқу орындарының түлектері үшін қандай жұмыс орындары бар екенінен хабардар ету, жұмыс берушілер үшін де лайықты үміткерлерді тартуға жағдай жасау және жастардың жұмыс табуына дәнекер болу.

5

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро директоры Матео Мекаччиді қабылдады.
- Қазақстанның ДСҰ-ға мүше мемлекеттер министрлерінің 12-конференциясына төрағалығы сәтті аяқталды, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.
- Бүгін Алматыда жеңіл атлетикадан халықаралық турнир басталады. Оған әлемнің 14 елінен 280 спортшы қатысады.
- Alibaba желісінде Қазақстанның ұлттық платформасы ашылды.
- «Тұмар-2022» ұлттық телевизиялық сыйлығының үміткерлер тізімі жарияланды.
- Алдағы күндері Қазақстанда 45 градусқа дейін ыстық болады.
- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік жыл басынан бері 17,1%-ға қымбаттады.
- Алматыда 500 адамдық жаңа емхана салынады.

www.almaty-akshamy.kz





ӘКІМ

(Басы 1-бетте)

ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР
ЖЕТІСТІККЕ БАСТАЙДЫ

Қала әкімінің мәліметінше, Алмалы ауданы сервис пен жайлы өмір сүрудің жоғары стандарттарын белгілейді. Шаһардың орталығынан орын тепкен Алмалы мегаполистегі ең тығыз қоныстанған аудан болып табылады. Мұнда қала халқының 11%-ы тұрады.

Кездесу барысында Алматы қаласының әкімі ауданның негізгі проблемалық мәселелерін, соның ішінде инженерлік желілердің тозуы, әлеуметтік нысандардың шамадан тыс жүктелуі, қауіпсіздік, сондай-ақ абаттандыру және тарихи орталықты сақтау мәселелерін атап өтті.

Бүгінде аудандағы негізгі проблема өткен ғасырдың 60-жылдары салынған инженерлік желілердің тозуы болып табылады. Электр энергетикасында тозу 70%-ды құрайды. Ерболат Досаев қазіргі уақытта желілерді жаңарту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

— Биыл 81 шақырым кабель желісі жаңғыртылады. Бұл ауданның 91 мың тұрғынын үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етіп, желілердің тозуын 60%-ға дейін төмендетеді. Сумен жабдықтау бойынша тозу 72,6%-ды құрайды, бұл қала бойынша орташа көрсеткіштен 17,6%-ға жоғары. Биыл Тұрғыт Өзал көшесіндегі Абайдан Есенжанов пен Байтұрсыновқа дейінгі, Төле биден Әйтеке биге дейінгі су құбыры қайта жаңғыртылады. Әлеуметтік салада нысандармен қамтамасыз ету басқа аудандарға қарағанда жоғары, — деп атап өтті Ерболат Досаев.

Оның айтуынша, Алмалы ауданының мектептері мен балабақшаларындағы оқушы орындарының тапшылығы 4,1 мың орынды құрайды. Биыл 850 орынды екі қосымша құрылыс (№34 және 144 гимназияларға) енгізілді. №15 гимназияны сейсмикалық күшейту бойынша күрделі жөндеу жұмыстары басталды. №16 мектепке қосымша нысан салуға жобалық құжаттаманы әзірлеу жоспарда бар.

Мектепке дейінгі білім беру объектілері бойынша №43 балабақша ғимаратының бұрын жекешелендірілген бөлігі сатып алынды. Оқу жылының басына дейін №7 балабақшаның сейсмотұрақтылығын күшейту аяқталды. Мұратбаев — Жібек жолы көшелерінің бойына орналасқан балабақшаның бұрынғы ғимаратын жекеменшіктен қайтару және Тілендиев көшесіндегі бұрынғы балабақшаны қалпына келтіру мәселесі қарастырылуда.

ТАНЫМАЛ ЕМХАНАЛАРЫ КӨП

«Алмалы ауданы денсаулық сақтаудың сапалы жүйесінің орталығы болып табылады, бұл емханаларға тіркелген халықтың санына әсер етті. Мұнда қаланың және облыстың басқа аудандарының тұрғындары тіркелуге ұмтылады», — деп атап өтті қала әкімі Ерболат Досаев.

Мысалы, аудан халқының саны 224,5 мың адам болса, ауданның 18 емханасында жақын мандағы аудандардың тұрғындарын



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

тіркеу есебінен 2 есе көп пациенттерге немесе 443 мың адамға қызмет көрсетіледі.

500 келушіге арналған жаңа емхана құрылысы бойынша ЖСК әзірленуде. Сондай-ақ, Райымбек даңғылы бойында психикалық дамуы тежелген балаларға арналған бассейні бар спорт орталығының құрылысына ЖСК әзірлеу жоспарлануда.

БИЫЛ РАЙЫМБЕК
БАТЫР КЕСЕНЕСІН
РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ
ЖҰМЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Алмалы ауданы қаламыздың мәдени саласында негізгі рөл атқарады.

Аудан аумағында Райымбек батырдың кесенесі, 2 археология қорғаны, 16 монументалды ескерткіш, 34 сәулет ескерткіші, 4 кинотеатр, 8 кітапхана, 10 музей, концерт залы, 7 театр, 6 музыка мектебі, балалар шығармашылық үйі, домбыра орталығы, 5 галерея, Жазушылар одағы, Суретшілер одағы орналасқан. Жалпы алғанда, ауданда 45 мәдени-демалыс объектісі, 53 тарих және мәдениет ескерткіші бар.

«Биыл Мәуленов көшесінде жаңа кітапхананы аштық, онда коворкинг аймағы мен балаларды дамыту орталығы жұмыс істейді. Осылайша аудан кітапханаларының жалпы

• **Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша өнеркәсіпте, көтерме саудада оң динамика байқалады.**

• **Салық түсімі 28% өсті.**

саны 8-ге жетті. Аудан кітапханалары 10 саябақ пен скверлерде балалар мен жасөспірімдерге арналған ойын-сауық бағдарламалары бар «Жарқын жаз» маусымдық жобасын іске асырып жатыр», — деді қала әкімі. Сонымен қатар, биыл Райымбек батыр мавзолейін реконструкциялау жұмыстарын бастап, 2023 жылы аяқтаймыз.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ
БАЙ АУДАН

Биыл Алмалы ауданы аумағына 2 мыңға жуық ағаш отырғызылды. Жыл соңына дейін тағы 10 мыңнан астам көшет отырғызылады. Жалпы, Алмалы ауданы қаланың «жасыл» аудандарының бірі болып табылады. Аудан аумағында 1 саябақ, 22 сквер, 24 бульвар және жасыл аймақтар бар. Биыл аудан Құрманғазы — Абылай хан — Шевченко — Панфилов көшелерінің қиылысындағы алаңы 3,5 га болатын тағы бір саябақ аумағымен толығымен. 2 сквер қайта жөндеуде, ҚБТУ-да жү-

мыстар жүргізілуде, Әлия мен Мәншүк скверін абаттандыру осы жылдың күзінде басталады.

Бүгінде ауданда 220 мың ағаш пен бұта және көптеген апатты және ескі ағаштар бар. Жасыл қорды жаңарту бағдарламасы аясында биыл 700 апатты ағашты кесу және өтемдік отырғызу бойынша 7 мың ағаш отырғызу жоспарланған.

Қала әкімінің бастамасымен алғаш рет ауалардағы апатты ағаштарды кесу жүргізіледі. Қала бойынша 5 мың апатты ағаш, оның ішінде Алмалы ауданындағы 800 апатты ағаш мөлшерінде квота белгіленген. Осыған байланысты тұрғындар аудандық әкімдіктерге өтініш бере алады.

ТҰРҒЫНДАР
153 ЖОБА ҰСЫНДЫ

«Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында Алмалы ауданына 800 млн теңге бөлінді. Тұрғындар тарапынан ұсынылған

СҰРАҚ-ЖАУАП

Динара
МҰРАТ

БАРЛЫҚ СҰРАҚ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАДЫ

Қаламыздың тарихи, мәдени орталығына айналған Алмалы ауданында қала әкімі Ерболат Досаев баяндамадан кейін тұрғындардың сұрақтарына көшті. Үш сағаттық кездесуде түрлі мәселелерді көтерген 100-ден астам сауал қойылды. Алмалы ауданы — қазығы қағылған, тірегі берік, жағдайы жасалған аудан болғанымен, мұнда қоғамдық көліктің қолжетімділігі, тұрғын үйлер санының артуы, әлеуметтік нысандардың аздығы өзекті болып тұр.

Ревматологиялық орталық
жаңартылады

Шаһар басшысы Ерболат Досаев өз баяндамасында әлеуметтік нысандардың жаңартылуына, заманауи талаптарға сай болуына аса назар аударатынын хабардар етті. Мысалы, 1947 жылы кірпіші қаланған ревматологиялық орталық келесі жылдың

аяғына дейін салынатын болды. Мұны естіген зейнеткер өз ризашылығын жасырмады:

«Мен зейнеткермін, 10 жылдан бері есепте тұрамын. Сонау 1947 жылы салынған ревматологиялық орталыққа көңіл бөліп жатқаныңызға ризамын. Орталықтың 2022-2023 жылы салынатынын естіп, бір марқайып қалдым».

Алмалыда «Almaty DEPO»
CREATIVITY CENTR ашылады

Әлеуметтік нысандар қатарына басты қажеттілік мектеп пен балабақша, емханалардан бөлек, жайлы өмір сүруге мүмкіндік беретін демалыс орталықтары, спорт кешендері жатады. Сондықтан Алмалы ауданында орналасқан трамвай бекетінің тарихи келбетін сақтай отырып, оның орнына келесі жылы жастардың ордасына айналар «Almaty DEPO» креативті орталығы салынбақ.

Сұрақ: Мен Гоголь көшесі бойында тұрған трамвай депосы туралы сұрақ қойғым келеді. Бұл жоба өте ұзақ жүргізілуде. Бұрын ол жерде автокөлік мұражайы, содан кейін голландиялық сәулетшілердің қатысуымен саябақ ашуды жоспарлаған болатын, бірақ мұның бәрі тоқтатылды. Әсіресе, жастар бұл жобаны асыға күтсе, блогерлер талай тілге тиек етті. Қаланың дәл ортасында қаңырап

бос тұрған бекет орнына не салынбақ? Жоба қашан ілгерілейді?

Жауап: Жоба болады. Өкінішке орай, біз жеке инвесторды тартқанымызбен, кейін жоба тұрып қалды. Қала шешім қабылдады, біз қазір қажетті құжаттар мен қағаздарды дайындап жатырмыз. Келесі жылы біз онда «Almaty DEPO» CREATIVITY CENTR жасаймыз, яғни бастапқыда ойлаған жобамызды іске асырамыз. Тұрғындардың өтініші бойынша бірыңғай үлкен орталық пайда болады. Бұл ғана емес, шығармашылық индустрия орталығының құрылысы бір уақытта бірнеше жерде басталады. Ал депоны келесі жылдың көктемінде жасаймыз. Жалпыға қолжетімді, үлкен, бірыңғай жастар орталығы болады.

Биыл 511 көше жөнделеді

Қала әкімі сұрақтарға жауап беру барысында 2022 жылы 511 көше, соның ішінде жаяу жүргіншілер жолы бір қалыпқа келетінін хабарлады. Татьяна Бегайкина есімді тұрғын Төле би көшесінің кейбір бөліктері толық жөндеуден өтпегенін айтып, Мұратбаев көшесінде жаяу жүргіншілер жолы жоқтығына шағымданды.

«Менің алғашқы сұрағым былтыр басталған жолды жөндеу жұмыстары Төле би көшесінде толықтай аяқталмай қалған, нәтижесін қашан көреміз? Бізде мүлдем

жөнделмеген, соның ішінде Алмалы ауданында біраз жаяу жүргіншілер жолдары бар. Мысалы, Төле би — Мұратбаев көшелерінің қиылысында қаптаған көліктерден жүру мүмкін емес. Тағы бір мәселе — жарықтандыру. Төле биден бастап Әуезов көшелеріне дейін жүріп өтсеңіз, жарық лампалары мүлдем жарық бермейтінін көресіз, тасқараңғы. Осы мәселелердің шешімі қандай болмақ?».

— Төле би бойындағы жарықтандыруға қатысты мәселені жоспарға енгіздім, бірақ биыл толықтай меңгеріп үлгермейміз. Бізде барлығы 1066 көше болса, оның 511-ін биыл қалыпқа келтіру жоспарланған. Сіз айтып отырған аумақ 2023 жылдың жоспарына кіреді. Мұратбаев — Төле би көшесінде 2 көлік тұрағы бар, сол аумақта 20 күннің ішінде жаяу жүргіншілер жолы салынады, — деді Ерболат Досаев.

Сайран жағажайы 2023 жылы
жаңартылады

Алмалы мен Әуезов ауданы аумағында орналасқан Сайран көлінің жағдайы барша алматылықтарға мәлім. Белсенділер мен журналистердің айтуынша, көлдің қазіргі жағдайы сын көтермейді: су тазартылмаған, демалушыларға қолайлы орта қарастырылмаған, тағысын-тағы. Қала әкімі журналистер жариялаған репортаждардан



ҚЫЗЫҒАТЫН АУДАН

Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесті

153 жобаның ішінен 39 жоба іріктеуден өткен.

«Аула кеңістігін жаңарту бойынша 21 жоба орындалуда. Бүгін біз балалар және спорт алаңдарын орнату, қоғамдық кеңістіктер құру, көгалдандыру, иттерді серуендетін алаңдар құру жұмысын атқарып жатырмыз. Сондай-ақ, осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін АЗТМ скверін (Төле би – Гагарин) және А.Байтұрсынов пен Ә.Шәріпов көшесінің ортасындағы Бөгенбай батыр бульварын абаттандыру аяқталады», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

«СЕРГЕК» КАМЕРАЛАРЫНЫҢ САНЫ АРТАДЫ

Биылғы жылдың соңына дейін «Сергек» камераларының саны 122-ге арттырылып, 1069-ға дейін жеткізіледі.

Қала әкімінің айтуынша, шаһардың дамуында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады. Ол үшін алдын алу шаралары қабылданады.

«Жаппай шоғырлану орындары бойынша қосымша 541 бейнекамера орнатылады, оның ішінде 200-і аулада, 118-і саябақтарда/алаңдарда және 223-і қиылыстарда. Бұл ретте бюджет есебінен бұрын аулаларда камералар орнатылмаған. Қауіпсіздік мәселесінің екінші жағы – жайлы көше инфрақұрылымын құру. «Vision Zero» аясында ауданның 6 көшесін қайта құру жүргізілуде, оның негізгі мақсаты жолдардағы өлім-жітімді азайту болып табылады. Сондай-ақ, 2022 жылы аяқталатын бағдаршамдардың құрылысы есебінен 6 учаскедегі көлік ағыны реттелетін болады», – деді Ерболат Досаев.

Қала басшысының айтуынша, жастар мен қаламыздың болашағы үшін есірткі ерекше қауіп төндіреді. Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу үшін өткен жылдың қазан айында қоғам өкілдерімен және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен бірге «НаркоStop» жобасы басталған.

Жоба мемлекеттік, қоғамдық және жергілікті деңгейдегі шаралар кешені болып табылады.

«Бүгінгі таңда жобаға қатысушылар, яғни 400 волонтердан құралған команда 80 мыңнан астам есірткі жарнамасын бояп өшірді. Полиция қызметкерлері жоба ақпараты бойынша 24 синтетикалық есірткі таратушыны ұстады. Менің тапсырмам бойынша жоба қаланың басқа аудандарында да қайталануда», – деді қала әкімі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – тоқсан сайын 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу.

көлдің жағдайымен толық таныс екенін жеткізіп, 2023 жылы Сайран аумағын толықтай жаңартуды көздеп отыр.

– Біздің ауданға жеке келуіңізді өтініп сұраймыз. Бізге бірнеше рет аудан әкімі, мәслихат депутаттары келгенімен, шешімін таппай келе жатқан проблемалар бар. Сайранда екі негізгі мәселе бар. Алмалы ауданы тарапынан балаларға арналған инфрақұрылым жетіспейді – балалар алаңы мен футбол алаңы. Біз «Бюджетке қатысу» мемлекеттік бағдарламасы арқылы өтініп беруге тырыстық, бірақ бізге Жасыл экономика басқармасы: «ЖСК әзірлеп жатырмыз, барлығы Сайранның қайта жаңартылуын күтуде» деп айтады. Бірақ қайта құру көптеген жылдарға созылуы мүмкін, ал тұрғындар қазір жайлы өмір сүргісі келеді. Екіншісі – бізде полиция тарапынан бақылау жетіспейді. Саябақ аумағы үлкен, екі ауданды алып жатыр. Тұрғындар екі ауданнан бір мобильді полиция пунктін болғанын қалайды, – деп сұрады шағынаудан тұрғыны Рауан Аманғалиев.

– Сайран бойынша мәселе шын мәнінде өте өзекті, ЖСК әзірлегеннен кейін мен сіздерге барамын. Біріншіден, біз көлді механикалық тазартуымыз керек, оны қазан айының басында бастаймыз деп үміттенеміз. Екінші мәселе бойынша – 2023 жылдың көктемінде біз қайта құруды бастаймыз. Мен Сайран туралы репортажды зерттедім, екі ауданнан рекреациялық аймақ жасаймыз. Жобалау жұмыстары осы жылдың күзінде

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ	
	Биыл 81 шақырым кабель желісі жаңғыртылады. Бұл ауданның 91 мың тұрғынын үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етіп, желілердің тозуын 60%-ға дейін төмендетеді.
	877 м су құбыры (Тұрғыт Өзал көшесі (Абай даңғылынан Есенжанов көшесіне дейін). Байтұрсынов көшесі (Төле би көшесінен Әйтеке би көшесіне дейін) қайта жаңғыртылады:
	415 м жылу желілері (Досмұхамедов көшесі (Құрманғазы көшесінен Абай даңғылына дейін). Бөгенбай батыр мен Радостовцев көшелері аумағындағы аулалар жөнделеді) жаңарады.
	Әуезов көшесінен Райымбек даңғылына дейін 800 метр жол салынды. Ұзындығы 12,6 шақырым болатын 11 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі

Еске салсақ, шаһар басшысының халықпен алғашқы кездесуі Бостандық ауданында 14 сәуірде, екіншісі – Алатау ауданының тұрғындарымен 28 сәуірде, үшіншісі – Әуезов ауданында 12 мамырда, төртіншісі – Наурызбай ауданында 19 мамырда, бесіншісі – Жетісу ауданында 26 мамырда, алтыншысы – Медеу ауданында 17 маусымда өтті.

Шаһар басшысы Алмалы ауданының экономикалық-даму көрсеткіштеріне негізделген 15 минуттық баяндамасынан кейін аудан тұрғындарының сұрақтарына жауап беруге кірісті.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

аяқталады. ПД бойынша бізде ЖСК-да бірден екі ауданнан полицияның мобильді пункттері қарастырылатын болады. Сондай-ақ, қаладағы бейнебақылау камералары санын арттыру барысында Сайранға ерекше назар аударамыз, – деп жауап берді әкім.

Балаларға арналған үйірмелерге қосымша қаражат бөлінеді

2022 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бекітуімен «Балалар жылы» болып бекітілді. Соның аясында Алматыда ArtSport сынды бағдарламаларға қосымша қаражат бөлу, тегін үйірмелер санын арттыру қарастырылған. Шаһар басшысы кездесу барысында ваучер орындарды арттыру мақсатында 4,1 миллиард теңге бөлетінін хабарлады.

«2022 жыл елімізде «Балалар жылы» деп тағайындалғаны баршамызға аян. Жаз мезгілінде барлық ата-аналар балаларының

демалысын қызықты әрі пайдалы өткізгісі келеді. Дегенмен, көпшіліктің оған қолы жете бермейді, әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына қиын. Қазір демалыс орындары көп қой, алайда бағалары шап-е тектен. Кез келген ата-ананың қалтасы көтермейді. Сондықтан мемлекет тарапынан осы бағытта қаржы бөліне ме? Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балаларға жүзу бассейндері тегін, демалыс орындарының бағасын қолжетімді етсеңіз», – деді Зауреш Бөкенқызы.

«Осы жылы біз спорт кешеніндегі шығармашылық үйірмелерге қатысуға мүмкіндік беру үшін ваучермен бөлінетін орындарды арттыруды ойластырудамыз. ArtSport деген бағдарламамыз бар, сол жайында мәслихатта шешім қабылдап, тағы 1 қыркүйекке дейін 4,5 миллиард теңге бөлдік. Өзіңіздің балаларыңыз бар болса, мен әкімге және орынбасарым Арман Қырықбаевқа тапсырма берейін», – деп жауап қатты қала әкімі.

Р.С. Қала әкімі Ерболат Досаев үш сағаттың ішінде барлық сұрақтарға қатысты кейбір маршруттардың бағытын өзгерту, аялдамалар санын арттыру сынды шешімдерді қарастыратынын дөп басып айтты. Мысалы, біраз көшелерде аялдамалар 2022 жылдың соңына дейін салынатын болды. Әлеуметтік нысандар бойынша, жоспарда бар мектептер мен балабақшалар құрылысы немесе жөндеу жұмыстарының дені 2023 жылға бекітілген, ал басқа да апаттық жағдайдағы нысандар үшін бос жерлерді іздеу қолға алынған. Жалпы Алмалы ауданын келесі жылы біраз оң өзгерістер күтуде. Лайым солай болғай!

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Халқының саны
224 139

Аумағы
1840 гектар

БІЛІМ

42 мектеп **50** балабақша

ДЕНСАУЛЫҚ

20 мемлекеттік медициналық мекеме

ТҰРҒЫН ҮЙ

1395 көппәтерлі тұрғын үй
3495 жеке үй

МӘДЕНИЕТ

45 мәдени-демалыс нысаны;
53 тарих және мәдениет ескерткіштері.

35 қонақүй



ҚҰРМЕТ

САХНА САҢЛАҒЫ

тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылды

Алматыда Қазақстанның халық артисі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, тәуелсіз «Платиналы Тарлан» және Жастар одағы сыйлықтарының иегері, «Кафка» атындағы сыйлықтың иесі, профессор Райымбек Сейтметовтің құрметіне мемориалды тақта ашылды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ескерткіш-тақта өмірін өнерге арнаған аңыз тұлғаның ізі сайрап жатқан Назарбаев даңғылы мен Гоголь көшесінің қиылысында орналасқан үйге ілінді. Іс-шараға қазақ өнерінің көрнекті тұлғалары, театр майталмандары мен зиялы қауым қатысты.

«Әр қазақ менің жалғызым» деген жақсы сөз бар ғой. Райымбек Сейтметов – жалғыз. Қайталанбайтын талант», – деді Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Айдос Бектемір.

Қазақ театр сахнасының негізін қалаушы Райымбек Ноғайбайұлы киелі Түркістанда дүниеге келген. Бала кезінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барғанда, ескерткіш қабырғаларындағы түсініксіз түрлі-түсті сан оюға тандана, тамсана қарап, сол тылсым күдіретке ғашық болған деседі. Бір естелігінде өзі де «Мені өнер сиқырына баулып, оның тылсым сырларына түсінуге, тұшынуга итермелеген сол тарихи ескерткіш болса керек», – деген екен.

Сахна серісі 1959 жылы Алматы өнер институтын бітіреді. 1959–1960 жылдары «Қазақфильмде» жұмыс атқарды. 1970–1971 жылдары Мәскеу қаласында театр өнері институты жанындағы жоғары режиссерлер курсын оқыды. 1960–1980 жыл-



дары Қазақ академиялық драма театрында актер болып, тәжірибесі мен білім-білігі арта түсті. 1976–1980 жылдары осы театрдың директоры болып қызмет атқарды. 1980–1982 жылдары Қазақстан Мәдениет министрлігінің басқарма бастығы болып жұмыс істеген. 1982–1995 жылдары Қазақ мемлекеттік академиялық жастар мен балалар театрының бас режиссері әрі көркемдік жетекшісі болған. 1995 жылдан өмірінің соңына дейін Яссауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Өнер» кафедрасын басқарған.

Сахналық өнер жолында Әубәкір (Қ.Байсейітов, Қ.Шаңғытбаев «Беу, қыздар-ай»), Арыстан, Сұңғат (Қ.Мұхамеджанов «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті»), Қозы (Ғ.Мүсірепов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), Әбіш (М.Әуезов, Л.Соболев «Абай»), Жайнақ (Ш.Айтматов Ана – Жер-Ана») сынды алуан рөлді ойнап, көрермен ықыласына бөленген.

Режиссерлік қолтаңбасы да бір төбе. Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында Б.Майлиннің «Неке қияр», Ә.Таразидің «Жолы болғыш жігіт», Қазақ мемлекеттік академиялық жастар мен балалар театрында Әуезовтің «Алуа», Т.Әбдіқовтің «Біз үшеу едік», Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты», Ш.Мұртазаның «Сталинге хат», «Беседің хаты», О.Сүлейменов пен Б.Мұқайдың «Заманакыры» секілді туындыларды қойған.

«Егер шетелдердің бірінен келген қонақтар маған: «Халқыңыздың зиялылары қандай болады?» десе, мен ойланбастан Райымбекті көрсетер едім», – деген екен акын Фариза Оңғарсынова.

Түркістанды дамытуға, оны руханияттың ордасы етуге бетбұрыс осыдан ширек ғасыр бұрын басталған еді. Р.Сейтметовтің 90-жылдардың ортасында осында келіп университетте өнер мамандығын ашып, Түркістан театрын құруы сол алғашқы бетбұрыстың баспалдағы болса керек.

Бүгінгі Р.Сейтметов атындағы Түркістан облыстық сазды-драма театры 2000 жылдың наурызында Түркістан сазды-драма театры болып құрылған болатын. Театрдың алғашқы көркемдік жетекшісі де Райымбек Ноғайбайұлы болды. 2017 жылы театрға Р.Сейтметов есімі берілді. Театр ұжымында бүгінде жүзден аса адам жұмыс істейді. Өнер ғимаратында 250 адамға арналған көрермен залы мен мұражай бар.

ТАҒАЙЫНДАУ



ЖАСТАР САЯСАТЫНА ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы жастар саясаты басқармасының басшысы болып Халықаралық білім беру корпорациясының (КазБСҚА, ҚАУ) бұрынғы бірінші проректоры Қайыржан Мендіғалиев тағайындалды.

Қайыржан Мендіғалиев 2011 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің экономика және бизнес жоғары мектебін «құқық және экономика негізі» мамандығы бойынша бітірді, 2013 жылы осы университетте «инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша экономика ғылымының магистрі дәрежесін алды.

2013–2014 жылдар аралығында Халықаралық бизнес университетінде оқытушы болып жұмыс істеді.

2014 жылдың маусымы мен қыркүйек айлары аралығында Халықаралық бизнес университетінің түлектерімен және студенттермен жұмыс жөніндегі департаментінің директоры қызметін атқарды.

2014 жылдан 2016 жылға дейін Халықаралық бизнес университетінің маркетинг және әлеуметтік даму департаментінің

директоры қызметін атқарды.

2016–2018 жылдар аралығында Халықаралық бизнес университетінің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры қызметін атқарды.

2018 жылдан 2021 жылға дейін жеке құрылымдарда жұмыс істеді.

Алматы қаласы жастар саясаты басқармасының басшысы болып тағайындалғанға дейін Халықаралық білім беру корпорациясының бірінші проректоры қызметін атқарды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ӘКІМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ ӨЗГЕРДІ

Алматы қаласы әкімдігінің құрылымына өзгерістер енгізілді. Құрылымдардың жаңа атаулары төмендегідей:

- Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы бұдан Еңбек инспекциясы басқармасын бөлу арқылы қайта құрылды;
- Стратегия және бюджет басқармасы Қаржы басқармасы мен Экономика басқармасына бөліну арқылы қайта құрылды;
- Креативті индустриялар басқармасы жастармен жұмыс жөніндегі функцияларды кеңейте отырып, Жастар саясаты басқармасы болып қайта құрылды;
- Энергия тиімділігі және инфрақұрылымдық

даму басқармасы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы болып қайта аталды;

– Тұрғын үй саясаты басқармасы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы болып өзгертілді;

– Жасыл экономика басқармасы Экология және қоршаған орта басқармасы болып қайта аталды;

– Жайлы қалалық орта басқармасы Құрылыс басқармасы болып өзгертілді;

– Қоғамдық денсаулық басқармасы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы болып қайта аталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ



ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аманат партиясының Медеу аудандық филиалының алаңында ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін «Ашық есік» күні өтті.

Аталған іс-шараға Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы, Алматы қаласының әлеуметтік әл-ауқат басқармасы, Алматы қаласы бойынша Еңбек әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті, Медеу аудандық полиция басқармасы, Медеу ауданы әкімінің аппараты, Аудандық медициналық бірлестік сияқты мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Аталған іс-шараның мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға жәрдемдесу, проблемаларын шешу үшін мемлекеттік органдарды, азаматтық қоғамды

шоғырландыру, әлеуметтік бейімдеуге қоғамды тарту, қамқорлық жасау қажеттілігі туралы қоғамдық пікірді қалыптастыру.

«Ашық есік» күнінде әлеуметтік сұрақтар қойылып, тұрғын үй кезегінің жылжымауы, әлеуметтік осал топтағы жандардың жан жарасы, жалғызбасты, көпбалалы аналардың жағдайы, қалада тұрақты тіркеуге тұру, науқас баланы күтуші ананың ахуалы, т.б. мәселелерге жауап берілді. Кейбір азаматтардың баспанаға қатысты күрмеулі сауалдарына арнайы күндер белгіленіп, шешілу жолдары қаралатын болды.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ENBEK.KZ

ҮЛКЕН МҮМКІНДІК Жастар үшін бос орындар жәрмеңкесі өтеді

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Екі араны жалғайтын алтын көпір

Қазақстан экономикасының түрлі саласындағы жетекші компаниялардың өкілдері болатын бұл жәрмеңкеге тұрған және тұрғылықты тіркелген жеріне қарамастан 18–35 жас аралағындағы кез келген адам қатыса алады. Үш күндік онлайн-жәрмеңкенің алғашқы күні ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі сөз сөйлейді.

Бос орындар жәрмеңкесіне қатысу қаншалықты маңызды? Бұл жұмыс іздеп жүрген жандар үшін жұмыс берушілермен бетпе-бет жүздесуге мүмкіндік беретін, екі араны жалғайтын көпір іспетті. Иә, көптеген жұмыс берушілермен және компания өкілдерімен бір жерде кездесуге жағдай бола бермейді. Сондықтан осы сәтті қалт жібермеген абзал.

Республикалық сипаттағы жәрмеңке алаңында елеміздегі іргелі компания, кәсіпорын өкілдері онлайн-таныстырылым өткізіп, сізге өз компаниясы, жұмыс шарттары және қолда бар әлеуметтік пакеттер, ашық бос орындар, жұмысқа орналасу ерекшеліктері және тағы басқа да маңызды ақпараттар туралы айтып береді. Онлайн-жәрмеңкеде сіз жұмыс берушілер нақты қандай жұмыс орындарын ұсынып отырғанын біле аласыз.

Жәрмеңке онлайн-форматта YouTube арнасында көрсетіледі. Жәрмеңкенің веб-бетінде «Жәрмеңкенің онлайн көрсетілімі» баннері орналастырылған, соны басу арқылы сіз 2022 жылғы 27–29 маусымда өтетін жәрмеңкеге қатыса аласыз. «Жұмыс берушілер» бөліміне өтіп, өзіңізге лайықты көрген бос орынды таңдаңыз және түйіндемелік жұмыс берушіге жіберіңіз. Сіз сондай-ақ жұмыс берушімен ZOOM платформасы арқылы бейне-сұхбатқа қатыса аласыз.

Осы орайда баса назар аударатын бір жағдай, жұмыс беруші сіздің түйіндемелік қарап

шығуы және сіз онлайн бейне-сұхбатқа қатыса алуыңыз үшін түйіндемелік жәрмеңке басталғанға дейін алдын ала жіберу керек.

Жұмыс берушінің өкілі жеке виртуалды кабинетте іріктелген кандидаттармен онлайн-сұхбат жүргізеді. Бос жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру бойынша қорытынды шешімді жұмыс беруші өзі қабылдайды.

Түйіндемелік дұрыс толтыру да маңызды

Түйіндемелік жұмыс берушіге жіберу үшін жұмыс берушінің сипаттамасының астында «Түйіндемелік жіберу» батырмасын басу, PDF немесе WORD форматтарында дайындалған түйіндемелік тіркеу және «Жіберу» батырмасын басу қажет.

Егер сізде түйіндеме болмаса, онда сіз үлгіні жүктеп, оны толтырып, жұмыс берушіге жіберуге дайын түйіндемелік жібере аласыз. Жұмыс беруші сіздің түйіндемелік қарап, қабылдағаны туралы хабарлайды. Жұмыс беруші сіз іздеген бос жұмыс орны бойынша сізбен байланысу мүмкіндігіне ие болуы үшін байланыс ақпараттарыңызды (телефон, электрондық пошта мекенжайы) дұрыс көрсету қажет.

Егер сіз жәрмеңке кезінде интернет желісінде ZOOM платформасында онлайн-сұхбатқа бейне-қоңырау шалу арқылы қатысқыңыз келсе, онда түйіндемелік жұмыс берушіге жіберген кезде «Мен жұмыс берушімен бейне-сұхбатқа қатысым келеді» өрісін белгілеңіз. Өтінімдерді қабылдау нақты жұмыс берушімен бейне-сұхбат басталғанға дейін екі күн бұрын жабылады.

Жұмыс берушімен бейне-сұхбатқа 10-нан артық емес үміткер қатыса алады, сондықтан жәрмеңке басталғанға дейін сұхбатқа алдын ала өтінім беріңіз.



Жұмыс беруші сәйкес келетін үміткерлердің түйіндемелерін іріктейді және таңдаған жағдайда сіздің электрондық поштаңызға шақыру, бейне-сұхбатқа бірегей сілтеме және сұхбат жүргізу кестесі келіп түседі. Бейне-сұхбат ұзақтығы 10 минут, сондықтан жақсы дайындалыңыз, түйіндемелік дұрыс құрастырыңыз, кешікпеңіз және жұмыс берушімен онлайн-кездесуді өткізіп алмаңыз.

Түйіндемелік толтыру кезінде өзіңіз туралы шынайы мәліметтерді көрсету қажет. Жұмыс берушімен онлайн-сұхбат кезінде іскерлік киім стилін ұстану, ұқыпты келбетке ие болу да аса маңызды.

«Тиімді жұмыс іздеу» сабағы

Сондай-ақ, 27 маусымда жәрмеңке алаңында сіз «Тиімді жұмыс іздеу» шеберлік сабағына қатыса аласыз.

Дәрісті «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің қызметкерлерді іздеу және

үміткерлерді іріктеу саласындағы сарапшысы өткізеді.

Бұл шеберлік сабағында сіз лайықты бос жұмыс орнын қалай және қайдан іздеу керектігін, жұмыс беруші дәл сізге назар аударуы үшін түйіндемелік қалай жасау керектігін, ілеспе хаттың не екенін, оны қалай жасау керектігін және тиімді жұмыс іздеу үшін ауадай қажет болатын өзге де пайдалы кеңестерді білетін боласыз.

Былтыр, яғни 2021 жылы Үкімет кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасын қабылдаған болатын. Онда жастарға «жастар практикасы», «алғашқы жұмыс орны», «ұрпақтар келісім-шарты», «қысқа мерзімді кәсіптік оқыту», «жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға және бастапқы бизнесті дамытуға арналған» сынды мемлекеттік қолдау көрсету көзделген.

Сондай-ақ, Elnbek.kz порталынан жұмыспен қамтуды қолдаудың мемлекеттік шараларын қалай алуға болатынын толыққанды біле аласыз. Әйтпесе, жұмыспен қамту органының мамандарымен тікелей жүздесім келеді десеңіз, тұрғылықты жеріңіз бойынша Жұмыспен қамту орталығына хабарласуыңызға болады.

Биыл Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігі «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-мен бірлесіп «Жастарды жұмысқа орналастыру» жобасын іске қосты. Осы бағдарлама аясында 35 жасқа дейінгі 10 мың жас адамға жұмыс орындарын ұсыну жоспарлануда. Жобаға бірінші болып Eurasian Resources Group (ERG) компаниялар тобының жұмыс берушілері қосылды.

Elnbek.kz порталының басты бетінде баннер орналастырылған. Соны бассаңыз, ERG тобына кіретін компаниялардың HR қызметтері жариялаған бос жұмыс орындарының тізімін көре аласыз.

ДЕНСАУЛЫҚ

АЛМАТЫЛЫҚТАР ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНАДЫ?

Қала тұрғындары құрамында жылдам көмірсулар бар тағамдар мен қантқа әуес. Бұл тұжырым «Денсаулық» адам денсаулығы үшін инфекциялық емес аурулардың қауіп факторларының зиянын азайту жөніндегі ұлттық қауымдастығының инфекциялық емес аурулардың (бұдан әрі – ИЕА) пайда болу қауіп факторларының бірі ретінде қазақстандықтардың тамақ әдеттері бойынша алғашқы зерттеуінің нәтижесіне сәйкес жасалған. Зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі – әртүрлі тағамдар құрамындағы жылдам көмірсулардың ағзаға әсерін зерттеу.

Динара
МҰРАТ

2022 жылдың басында «Денсаулық» қауымдастығы мен Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы арасында салауатты өмір салтын насихаттау, инфекциялық емес аурулардың алдын алу және оларға қарсы күрес бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы Меморандум жасалды. Осы ынтымақтастықтың алғашқы қадамы ретінде Қауымдастық сауалнама әзірлеп, оның көмегімен оңтүстік астана тұрғындарының тағамдық әдеттерін және осыған байланысты ИЕА туындау тәуекел факторларын анықтау үшін Алматы қаласының №5 емханасы базасында сауалнама жүргізілді.

№5 қалалық емхананы зерттеу алаңы ретінде таңдау бірнеше факторға байланысты болды. Біріншіден, бұл емхана – ірі медициналық мекеме, оған Алмалы, Жетісу және Түркісіб аудандарынан 57 мыңнан астам тұрғын тіркелген.

Зерттеу кезеңі 50 күнді құрады, 1000-нан астам сауалнама жиналды. Респонденттердің жынысы бойынша бөлінісі шамамен: 68%-ы – әйелдер, 32%-ы – ерлер. Зерттеуге қатысушылар 5 жас топтарына бөлінді: 18–25 жас, 26–39 жас, 40–49 жас, 50–63 жас, 63 және одан жоғары.

Сұралғандардың көпшілігінің ай сайынғы орташа табысы 200 мың теңгеден аспайтынын (барлық жас топтарында шамамен 60%); сұралғандардың көпшілігінде тамақ өнімдерін сатып алуға арналған шығын (барлық жас топтарында 65%-дан 75%-ға дейін) көлемі айына 100 мың теңгеге дейін баратыны анықталды. Осылайша респонденттердің көпшілігі ай сайынғы табысының 50%-ын азық-түлікке жұмсайды – бұл респонденттердің көпшілігінің өмір сүру деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Зерттеу барысында теңгерімсіз тамақтану және макарон, күріш, картоп сияқты жылдам көмірсулардың шамадан тыс тұтынылуы – дене салмағының артуы мен семіздіктің негізгі себептерінің бірі деген болжам тағы бір рет расталды, бұл өз кезегінде ИЕА дамуына ықпал етеді. Зерттеулерге сәйкес, дене салмағының индексі 18–25 жас тобында 22%-дан 50 жастан асқан жас тобында 62–64%-ға дейін өседі, сонымен бірге физикалық белсенділіктің төмендеуі байқалады. Осы жерде 50 жастан асқан адамдарда инфекциялық емес аурулардың өсуі байқалатынын атап кеткен жөн. Мысалы, артериялық гипертензиямен 50 жастан 63 жасқа дейінгі респонденттердің 25%-ы және 63+ тобындағы 38%-ы зардап шегеді.



50 жастан асқан жас топтарында созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің пайызы жоғары. Қант диабетімен ауыратын науқастардың пайызы 26–39 жас аралығындағы топта 2%-дан 63 жастан асқан топта 6%-ға дейін көтеріліп отыр.

Алматы тұрғындарының тағамдық әдеттеріне келетін болсақ, барлық жас топтарында көмірсулардың негізгі тұтынылуы макарон өнімдеріне – күрішке (50%) және картопқа (70%) тиесілі екені анықталды. Респонденттердің жартысынан көбі барлық жастағы топтарда макарон, күріш және картопты үнемі пайдаланады. Фастфудты тұтыну жастар арасында көбірек байқалады, ал жас ұлғайған сайын оны тұтыну айтарлықтай төмендейді. Ең көп (респонденттердің 70%-ға жуығы) фастфудты 18-ден 25 жасқа дейінгі жас тобында, ал ең азы (6%-ға дейін) – 63 және одан жоғары жас тобында пайдаланады. Қант мөлшері жоғары тағамдарды (тәтті тоқаштар, кондитерлік өнімдер, тәтті газдалған сусындар, шырындар, балшырындар) ең көп тұтыну 18–25 жас аралығында тіркелген. Жасы ұлғайған сайын

бұл өнімдерді тұтынудың төмендеуі қуантады.

Газдалған сусындардың бір порциясында (250 мл) орташа есеппен 25 г қант бар екенін атап кеткен жөн. Бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған тәулігіне 50 г құрайтын тәуліктік норманың 50%-ын құрайды. Газдалған сусындардың құрамындағы қанттың бұл мөлшерін күн сайын адамдардың тек 11%-ы алады, дәлірек айтсақ, 18–25 жас аралығындағы 8%, 26–39 жас аралығындағы 2% және 50 жастан асқан адамдар тобындағы шамамен 1%.

Сондай-ақ, респонденттердің басым көпшілігі қантты сусындарды мүлдем ішпейтіні немесе оларды өте сирек (айына бірнеше рет немесе айына бір реттен сирек) ішпейтіні белгілі болды. Сонымен, респонденттердің 77%-ы газдалған сусындарды сирек тұтынады, ал 73%-ы шырындар мен балшырындарды сирек ішеді деп жауап берді.

Осылайша шырындар мен сусындар құрамындағы қанттың мөлшері айтарлықтай қауіп төндір-

мейтіні дәлелденіп отыр. Сонда қауіп қайдан?

Мәселе барлық жас топтарындағы адамдардың тәтті шай мен кофеңі көп тұтынуында жатыр (әр топтағы респонденттердің 90%-ына дейін). Орташа алғанда, барлық респонденттер күніне 2,5 кесе шай/кофе іпсе, оған міндетті түрде 1,6 ас қасық қант салады. Сондықтан шай мен кофе бір қасық қанттың салмағы орташа есеппен 5 г (2,5 x 1,6 x 5 = 20) екенін ескере отырып, күніне бір адамға шамамен 20 г қант жұмсалады. Қанттың бұл мөлшері барлық жас топтарында қанттың күнделікті тұтынылуының 40%-ын қамтамасыз етеді.

Осылайша шай мен кофеге қант салып тұтыну сусындар мен шырындардың құрамындағы қантты тұтынумен салыстырғанда адам ағзасына әлдеқайда қауіптірек болып тұр.

«ДДҰ салауатты тамақтану жүйесінің бөлігі болып табылатын күнделікті калория мөлшерінің 10%-дан азына дейін қантты азайтуды ұсынады. Сонымен қатар, оларды тұтынуды 5%-дан аз азайту денсаулыққа қосымша артықшылықтар береді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Қазақстанда дәстүрлі шай ішу мәдениетіне байланысты алаңдатарлық жағдай қалыптасатынын көрсетеді, себебі қалыптасқан дәстүр бойынша Қазақстанда шай қантпен, не десерт тағамдармен (тәтті/қантсыз) ішіледі. Бұл Алматы қаласының әртүрлі жастағы тұрғындарының 90%-дан астамына тән. Негізгі әлемдік ауқымдағы проблема күріш, картоп және макарон сияқты жылдам көмірсулардан тұратын қантты шамадан тыс тұтыну болып табылатынын да ұмытпаған жөн», – деп атап өтті «Денсаулық» ұлттық қауымдастығының басшысы Бақыт Түменова.



ТАБИҒАТ АЯСЫНДА



ТАУ

Қазақстандағы БАҚ өкілдерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Alatau Aqparat» ЖШС-іне қарасты «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» ұжымы тауға шығып, мейрамды табиғат аясында атап өтті. Бұл жай ғана демалыс емес, аға буын мен жас журналистер арасындағы рухани әңгіме, тәжірибе алмасу, тәрбиелік мәні зор басқосу болды.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Білікті басшы Төлеміс Бақтыбайұлы басқарып отырған «Alatau Aqparat» ұжымының мерекелік басқосуына Қазақстан Журналистер академиясының академигі Сағымбай Қозыбаев, сондай-ақ Валерий Жандәулетов, Мағауия Нұрғалиев сынды ардагер журналистер арнайы қонаққа келді. Олар редакция ұжымын кәсіби мерекемен құттықтап, өздерінің ағалық ізгі тілектерін білдірді.

Алматы маңындағы Түрген шатқалының «Батан» демалыс орнында өткен ұжымдық демалыс кезінде жыл бойы тынбай еңбек еткен үздік қызметкерлер арнайы сыйлықтармен, дипломдармен марапатталды. Марапатқа ие болған әріптестеріміздің арасында «Almaty aqshamy» газетінің фототілшісі Самат Құсайынов пен жас тілші Ақтолық Тұрлығазының еңбектері еленіп, оларға Қазақстан Журналистер академиясының арнайы дипломы табыс етілді.

«Біздің жұдырықтай жұмылған ұжымымыздың әрбір қызметкерін кәсіби мерекемізбен құттықтаймын! Редакцияда қызмет етіп жүрген әр адамның өзіндік орны

бар. Жұмыстан тыс кезде осылай мерекелік көңіл күймен бас қосып тұруымыз бірлігімізді нығайта түседі деп ойлаймын. Жанға жайлы демалыс шығармашылығымызға да оң әсерін тигізеді», – деді «Alatau Aqparat» ЖШС директоры Төлеміс Бақтыбайұлы.

Мың жасаған шаһардың қос газетінде еңбек етіп келе жатқан ардагер журналистер, редакцияның табалдырығын жаңа атаған жас қаламгерлер, газеттің ыстығына күйіп, суығына тоңатын басқа да қызметкерлер бас қосып, естен кетпес әдемі демалыс өткізді.

Тамылжыған табиғатта ән де айтылып, би де биленді, түрлі ойындар ұйымдастырылды. Таудағы белсенді демалысты тәуір көретін кейбір әріптестеріміз тау бөктерін аралап, «Қайрақ» сарқырамасына дейін жаяу жүріп қайтты. Таудың самалды кешінде алау жағылып, шоққа картоп та пісірілді. Табиғаттағы саф ауаны жұтып, түнгі аспандағы жұлдыздарға қарап, судың сарқыраған дауысы мен құстардың әнін тындап, шатырда конудың өзі керемет.

«Alatau Aqparat» ұжымы журналистердің кәсіби мерекесін табиғат аясында өткізуді дәстүрге айналдырды. Ұжым бытыр да «Тұйық су» демалыс орнында демалып қайтқан еді.





БӨКТЕРІНДЕГІ ДЕМАЛЫС

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Қазақстан Журналистер академиясының президенті:

ЖУРНАЛИСТИКАҒА ЖҮРЕКПЕН КЕЛ!

«Almaty akshamy» және «Вечерний Almaty» газеттері – еліміздегі ақпарат кеңістігіндегі өзіндік орны бар, тұрақты оқырманы бар беделді басылымдар. Осы басылымдарда қазақ журналистикасының корифейлерінің біразы еңбек етті. Қазір байқап отырғанымдай, газетте жұмыс істеп жүрген жастардың қатары көбейіпті. Жалпы, журналистердің еңбек жолын газеттен бастағанын құптаймын, бұл – үлкен мектеп. Журналистика – ғылым. Мен үнемі айтып жүремін, журналистикаға мамандығыңды жақсы көріп, жүрекпен келу керек. Сонда ғана адалдық болады. Біздің академия жылыда журналистиканың әр саласында жүрген мықты мамандарды марапаттайды. Солардың арасында осы қос газеттің журналистері назардан тыс қалған емес. Сауатты, білімді, жан-жақты журналистерді қалыптастыруда газет басылыгының, жалпы ұжымның ықпалы күшті екенін айтқым келеді. Алдағы уақытта да алар асуларыңыз биік болсын дегім келеді. Барша журналистер қауымын кәсіби мерекемізбен құттықтаймын!

Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ,
ардагер журналист, баспагер:

ЖАСТАРҒА ІЗДЕНІС КЕРЕК

Мен журналистика саласында жарты ғасырға жуық қызмет етіп келемін. Журналистика маған бүкіл әлемді тануға, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихына куә болуға мүмкіндік берді. Қазіргі заманда журналистердің алаңсыз жұмыс істеуіне барынша жағдай жасалуда. Сондықтан өздерінің барлық мүмкіндігін пайдаланып, көп ізденуі керек деп ойлаймын. Жастарымыз тек Қазақстан шеңберінде ғана емес, халықаралық деңгейде сұранысқа ие журналист болса екен деп тілеймін. Кәсіби мереке құтты болсын, әріптестер!

Мағауия НҰРҒАЛИЕВ,
фотограф, ардагер журналист:

ФОТОҒА ТҮСІРУ ДЕ – ҒАЖАП ӨНЕР!

Баспасөз саласындағы фотожурналистиканың орны ерекше ғой. Суреті сөйлеп тұратын маманның жұмысы қашан да бағалы. Қазіргі таңда кәсіби фотоөнермен қоса электрондық техниканың, гаджеттердің пайда болуымен басылымдардың көбі суретті галамтордан іздейтіні рас. Бірақ меніңше, тіпті қарапайым қалта телефонымен суретке түсіру үшін де икем керек. Сондықтан қазіргі жас журналистерге мәтін жазумен қатар суретке түсіруді, сапалы фото жасауды үйреніп алу артық болмайды. Өйткені, қазіргі ақпараттық заманда жан-жақтылық керек. Барша әріптестерімді, қалам ұстаған журналистер қауымын осынау керемет мерекемен құттықтаймын. Шығармашылық табыстарға жете беріңіздер!



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



САРАПТАМА

ҚАРЖЫ DAҒДАРЫCЫ БОЛА МА?

Сәуірдің соңы мен мамырдың басында 515 теңгеге дейін шарықтаған доллар бағамы елде біраз дүрбелең тудырғаны есте. Жаппай доллар сатып алу, Ұлттық банктің толассыз қаржылық интервенциясы, депозит үстемелерінің 13-14 пайызға дейін ұлғайтылуы, бір жылдан соң берілуге тиіс теңге депозитінің 10 пайыздық үстемесі, осының бәрі еріккеннің ісі емес болатын.

Мәселе осылай жалғаса берсе, төл валюта құнсызданып, елде қаржылық дағдарыстың орын алуы әбден мүмкін еді.

Алайда, маусым басталысымен теңге қайта нығая бастады. Тіпті, бағамның адам сенбес 100 теңгеге дейін нығайып, доллардың бұрынғы 515-тен 415 теңгеге дейін арзандаған кезі де бар.

Бағам – қашан да тұрақсыз құбылыс. Бір аптадан бері АҚШ валютасының қайтадан күрт қымбаттауы басталды. Бүгінгі бағам – 466,67 теңге болып тұр.

Әлбетте, мұндай қаржылық өзгерістердің резонанссыз болуы мүмкін емес. Доллар бағамына байланысты соңғы өзгерістер де ел арасында әр алуан сөз тудыра бастады. Оның негізгісі «Қазақстанда қаржылық дағдарыс болуы мүмкін бе?» дегенге саяды.

Әсіресе, бұл сауал тапқанын ішкен-жегенінен үнемдеп банкке салып отырған салымшыларға тән.

Оңай ма, 2008 жылғы Шығыс Азиядағы қаржы дағдарысынан соң біраз ақшасы күйіп кеткен аңқау елдің қаржы дағдарысын бұдан кейін де бірнеше мәрте өкіне отырып сезінгені бар.

Қазіргі кезде жеке тұлғалардың банк жүйелеріндегі теңге депозитінің жалпы көлемі 1,6 трлн теңге. Сондай-ақ, заңды тұлғалардың депозиттерінде 2,6 трлн теңге бар. Оның негізі квазисекторлық құрылымдардың үлесінде.

Жалпы, Қазақстан банктеріндегі үстеме берілетін қаржының көлемі 4,2 трлн теңге. Қалған қаржы өтпелі есепшоттарда.

Жоғарыда айтылған 4,2 трлн теңге

салымның жалпы үстемесі 10 млрд доллар мөлшерінде есептеледі. Ал Ұлттық банктің сыртқы резервінің көлемі шетел валютасына шаққанда 33,5 млрд доллар.

Осы жайттың бәрін ескере келе, халық көкейінде ықтимал дағдарыстың болу-болмауы туралы күмән жатқаны өтірік емес.

Бұл күмәнге таяуда өткен ҚР Есеп комитетінің Парламент алдында берген есебі де түрткі болғанға ұқсайды. Сол есепке қарағанда, ішкі қаржылық жағдайда кінәрат әлі де болса аз емес. Бөлінген қаржы жыл соңына жетпей қалып, ең соңында Ұлттық қорға ауыз ашу дағдыға айналып бара жатқанға ұқсайды.

Ұлттық қор қаржысын шығындау белгіленген тұжырымдамаға да, экономикалық дамудың қарқынына да сәйкеспейді. Көптеген ұлттық жобалардың орнын ұлттық бағдарламалардың ауыстыратыны тағы да бар.

Қорыта келгенде, нақты қажеттіліктің 57 пайызы ғана қаржыландырылады. Яғни қажетті мөлшерде қаржыландыру деңгейі жоқ. Ал бұл оқиғадан кейін оның қайтарымын сұрау да қиынсыз.

Қазіргі кездегі қаржылық жағдайға байланысты түйткілдің бірі – жеңілдетілген несие. Мемлекеттің әралуан институттары арқылы биылдың өзінде 390 млрд теңге несиеден көрінеді.

Осы қаржының өзі тиімсіз жұмсалуда деген деректер де бар. Ол қаржының біраз бөлігі ақталмайды. Тек шамалы үлесі ғана нақты өндірістер қалыптастыруға жұмсалады.

Қазақстанда қаржылық дағдарыс бола ма



деген сауалға себеп болып отырған фактордың бірі – тұрғындардың әл-ауқатына байланысты. Тұтыну шығындарының негізін тұрғындар азық-түлікке ғана жұмсауға мәжбүр болып отыр. Себебі, азық-түлік қымбат. Оның үстіне тұрғындардың көбінің несиесі бар.

Соңғы деректерге қарағанда, тұрғындар кірісінің 18 пайызы осы несиелерді жабуға жұмсалатын көрінеді.

Елдегі қаржылық ахуалға тікелей әсер етіп отырған фактордың бірі – жекешелендіруге байланысты. Кезінде қарқын алып қалған бұл шара әлі де инерциясын жоғалта қоймаған тәрізді.

Бір деректерге қарағанда, жекешелендірілген нысандардың 40 пайызы нарықтық

құнынан төмен мөлшерде сатылыпты. Осының бәрі елдегі қаржы-экономикалық ахуалға тікелей әсер етіп отыр. Оның үстіне осы аптадағы доллар бағамының күрт көтерілуі де біраз алаң тудырды. Қазір қарапайым халық көкейіндегі басты сауалдың бірі «Қазақстанда қаржы дағдарысы бола ма, жоқ па?» дегенге саяды.

Өзірге Ұлттық банк доллар бағамының соңғы көтерілуіне байланысты ресми мәлімдеме жасаған жоқ. Ендігі хабарды елдің осы қаржы институтынан күтеміз.

Бірақ жасыратыны жоқ, елді алаңдатып отырған ықтимал дағдарысты да жоққа шығару қиын...

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ТҰСАУКЕСЕР

QAZAQLIQ

Қазақстан тарихына жаңа көзқарас

Алматыда белгілі ғалым, түркі-парсы зерттеулерінің маманы Джу Юп Лидің «QAZAQLIQ және қазақтардың қалыптасуы. Постмонғолдық орталық Евразиядағы мемлекет және бірегейлік» атты кітабы аудармасының тұсаукесері өтті. Кітап аудармасымен «Shon» қоры мен отандық ғылыми-тарихи қоғамдастық өкілдері бірлесе отырып айналысқан.



Досбол
АТАЖАН

Айтылған кітап ағылшын тілді оқырманға постмонғолдық Орталық Евразияда қазақ феноменінің қалыптасуы және қазақтардың пайда болуымен байланысы туралы авторлық пікір ұсынған алғашқы еңбек. Бұл түпнұсқа зерттеулерге негізделген ғылыми монографияда «qazaqlıq» (qazaqlıq) аясында қазақтардың қалыптасуы мен қазақ бірегейлігі жан-жақты қарастырылған. 2017 жылғы Орталық Еуразиялық зерттеулер қоғамының (Central Eurasian Studies Society) тарих және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ең үздік зерттеу ретінде кітап сыйлығын жеңіп алған.

Аударма кітаптың тұсаукесері Ұлттық кітапхана қабырғасында өтті. Іс-шараға ҚР Ұлттық кітапхананың ғылыми хатшысы Болат

Жүнісбеков, «Shon» қорының президенті Гаухар Нұрова, «QAZAQLIQ» кітабының авторы Джу Юп Ли және өзге ғалымдар мен белгілі тұлғалар қатысты.

– Джу Юп Лидің «QAZAQLIQ және қазақтардың қалыптасуы» атты кітабының ағылшын тілінде жарық көруі біздің халқымыз бен тарихымызды шетелге танытуға қосылған үлкен үлес деп айта аламын. Сонымен қатар, автор кезінде жазылмаған XIV-XV ғасырдағы тарихымызға терең үңілген. Айтылған кітап негізінен біздің тарихшыларымыз бен ғалымдарымыз үшін методологиялық тұрғыдан тарихты зерттегенде жаңа бір көзқарасты пайымдауға көмектеседі, – деді ҚР Ұлттық кітапхананың ғылыми хатшысы Болат Жүнісбеков.

Тұсаукесерден соң іс-шара кітап және онда қозғалған мәселелер туралы пікір алмасқан «Дөңгелек үстелге» ұласты.

РЕДАКЦИЯҒА ЖОЛДАНҒАН ХАТ

Редакцияға Алматы облысы, Талғар қаласынан Ахат есімді оқырман хат жолдады. Оқырман хатында отандық телеарналар бағдарламаларының кемшін тұстары жазылған.

БАҒДАРЛАМА БАСҚА, КЕСТЕСІ БАСҚАША



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ахат Қанағатұлы телеарнада бағдарламалар кестесі дұрыс ретке келмегенін жазған. «Almaty aqshamy» газетінің әр бейсәбілік нөмірінде шығатын телебағдарламаны үзбей қарап отыратын оқырманның айтуынша, кестедегі бағдарлама уақыты мен арнадағы көрсетілімнің уақыты сәйкес келмейді.

«Мәселен, белгілі бір бағдарлама газеттегі кестеде сағат 14.00-де көрсетіледі десе, телеарнада ол мүлдем басқа уақытта беріліп жатады. Екіншіден, қазақша болатын бағдарламалардың атын қазақша жазуға болмас па еді? Бірде газет кестесінен «Хабар» арнасында «Бұлбұл» дегенді көзім шалып қалды. Жәй құстар туралы танымдық бағдарлама болар деп аса мән бере қоймадым. Сөйтсем, ол қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланова туралы бағдарлама екен. Соны газетке жазарда кім, не көрсетілетінін толық жазуға болмай ма?!

Өзге газеттерге қарағанда, бағдарлама кестесін апта сайын беріп тұратын басылым – «Almaty aqshamy» газеті. Газеттің редакциясына айтарым, телебағдарламалар тізіміне «Абай» арнасын да қосса жақсы болар еді.

Отандық арналар өте көп. Түс мезгілінде жаңалықтар аз көрінеді. Барлық арна жаңалықтарды кешкі сағат 20.00-ден кейін беріп жатады. Көрермен талабын ескеріп, ақпараттар легін сәл ертерек, 18.00 шама-сында берсе ыңғайлы болар еді. Екіншіден,



31-арна газетке таңғы сағат 8-де, кешкі 20.30-да болатын қазақ тілді Информбюроны қосып жазуы керек деп санаймын.

Енді «Абай» және «Talim TV» телеарналарындағы аздаған кемшілікті айта кетейін. Концерттік бағдарламада әнші немесе жыршы телеэкранға шыққан кезде төменгі жағына әннің аты, авторы, орындаушысы жазылады. Бірақ ол жазу «жалт етеді де, жоқ болады». Көзі нашар көретіндерді ескеріп, сол жазулар экранға шыққан кезде, көрермен анық оқи алатындай, ән біткенше экранда жазулы тұрса жақсы болар еді.

«Talim TV» кешкі сағат 17.40 пен 17.50 арасында 3 термені ғана қоя салады. Арна басшылығына өтініш. Уақытын ұзартса, көрермен біраз терме тындар еді. Дәл осы арнада көрсетілетін «Дара тіл» телехабарын сағат 21.00-ге өзгертсе деген көрермен тілегі бар», – делінген оқырман хатында.



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ЖЕТІ САНЫ КИЕЛІ ҰҒЫМ



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Әлем халықтарының пайым-түсінігі ұқсас келеді. Барша адамзатқа ортақ құндылықтар бар. Соның бірі сандар әлеміне қатысты.

Дүние жүзінің қастерлі дүниелерге байланысты дүниетанымы ұқсас келеді. Мәселенки: «жеті ғалам», «жеті керемет», «жеті қат», «жеті жұрт» және т.б. Осындай астарлы ұғымдардан келіп, жалпы адамзаттық түсінік қалыптасады. Мұндай сакралды ұғымдар алты құрлыққа тән. Тереңірек байыптап қарасаңыз, бәрінде де осы келтірілгендердің семантикасы кездеседі.

Қазақ үшін қастерлі дүниелер көп. Оның мәнін мифологиямен ұштастырған. Әсіресе, 7 санының жөні бір бөлек. Оған қатысты ырым-тыйымдар, салт-дәстүр, жөн-жоралғыларды жиі естіп, байқап жүрміз. Бұрынырақта бұл санның қадірін әрбір адам түсінсе, бүгінгі таңда арханизмге айналып бара жатқандай сезіледі. Керек десеңіз, астарына терең үңіле бермейміз. Қастерлі рухани жәдігерлеріміздің түбіне мейлінше үңіліп, зерделеп көрейік.



Тегін білген тек жүрмес



Әр халық өзінің шығу тегін білгісі келеді. Одан һәм рухани байлық іздейді. Соның нәтижесінде рухани көкжиегі кеңейеді.

Адамзат баласы жаралғалы сан мыңдаған дәуірлер өтті. Тайпалық, рулық, қауымдастық, қала берді дами келе мемлекет дәрежесіне жетті. Осы аралықтағы ұзын-сонар жолда ғасырлар алмасып, уақыт судай сырғыды.

Біздің бабаларымыз өз кезеңінде өте сауаттылық танытты. Нақтырақ, Өз-Жәнібек ханның тұсында қазақтың іргесі бекіп, көсегесі көгере түсті. Сол шақта Өтейбойдақ Тілеу-қабылұлының «Шипагерлік баяны» жазылады. Әйгілі ғұлама Өз-Жәнібек ханға хандықтың құрамына жаңадан келіп жатқан ру-тайпалардың қосылуына орай, қан тазалығының сақталуы жөнінде айтқан деседі.

Соның арқасында қазақтың жеті атаға дейінгі қыз алыспау ұғым-пайымы қалыптасыпты. Міне, содан күні бүгінге дейін генетикалық тазалық дені сау ұрпақ жасап келеді. Бірде жапон ғалымдары Семей полигонында болыпты. Сөйтіп, Хиросима және Нагасакидегі атом бомбасындағы жарылыстан күші бірнеше есе қуатты жаппай қырып-жоятын қарудан халқымыздың қалай аман қалып, нәубет көрсе де, ғұмырын жасап жатқандығына қайран қалыпты. Сонда біздің жұртымыздың жеті атаға дейінгі қыз алыспау қағидатын берік ұстанатынымызды құп көрген екен. Мұндай ерекшелік әлемнің басқа ешбір елінде кездесе қоймай-

тын көрінеді. Дүние жүзі ғалымдары мұның медициналық жағынан дұрыс екендігін дәлелдеп жатыр.

Осы орайда жеті атаның қалай жіктелетінін айта кетейік.

Олар:

1. Бала;
2. Әке;
3. Ата;
4. Арғы ата;
5. Баба;
6. Түп ата;
7. Тек ата.

Халқымыздың әрбір нақылы өнеге. Қай тұсынан тартып қалсаңыз да өсиет. Кісіні ойландырады, ойды толқытып, толғандырады. Ел арасында «жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай тұрмас негізге» дейді. Қандай ғажап айтылған тәмсіл!

Қазақ өзінің әр баласына сынап қараған. Үлкенді сыйлау, кішіге ізетті болуды үйреткен. Атасы өмірден жиған-терген тәжірибесін ұрпағының бойына сіңірген. Сонда барып нағыз ұлтжанды азамат қалыптасқан. Бәлкім, осыдан кейін «жеті ұрпақты» да ұмыт қалдырмаған болар.

Дәлірек:

1. Әке;
2. Бала;
3. Немере;
4. Шөбере;
5. Шөпшек;
6. Туағат;
7. Жүрежат.

Бұл қатар ұрпақтар сабақтастығын білдіреді. Яғни әкеден тараған төменгі буын осылайша жіктелген екен. Бұл бір тарих. Әлі де арнайы зерттеуді қажет ететін жеке ғылыми тақырып. Этнограф, фольклортанушы, тарихшы, т.б. ғалымдар мұны тереңірек зерттеп, сырын ашса, нұр үстіне нұр болмақ.

Барша ғалам күллі адамзатқа ортақ. Оның әрбір тасын, көркем табиғатын, құнды тарихи туындыларын сөзбен суреттеу мүмкін емес.

Ғұламалар дүниені өтіп бара жатқан керуенге балапты. Расында да солай. Бүгінгі сөз ертеңгі тарих. Ал адамның шеберлігімен жасалған туынды мәңгілік мұра. Ал оны қастерлеп, келесі ұрпақтың еншісіне қалдыру нағыз аманатқа адалдық деп білеміз.

Адамзат баласының қолымен жасалған шеберлік көп. Оны тіпті жетпіс жеті кереметке баласаңыз да аздық етеді. Дегенмен, баршаға ортақ әйгілі «жеті кереметті» айтпай кету әбестік болар.

Ашық дереккөздерде ғаламның ғажайыптары туралы деректерден көз сүрінеді. Бір асыл екінші жауһардан асып түседі. Сондықтан мың рет мысалдағаннан, бір рет жазып, мәнағынасын аша түсуді жөн көреміз. Дүниенің жеті кереметі – біздің заманымызға дейін III ғасырда Ескендір Зұлқарнайын Кіші Азия, Орта Азия, Мысыр, Оңтүстік Үндістан территорияларын жаулап алып, ұлы империя құрғаннан кейін, саяхатшыларды қызықтыру үшін осы өңірлердегі 7 орыннан таңдаған сәулет өнері ескерткіштері.

Жеті керемет



Әлемнің жеті кереметі:

1. Мысыр пирамидалары – ежелгі Мысыр перғауындарының өзіндік үлгідегі мазарлары, біздің заманымыздан бұрын 28-ғасырда салынған.
2. Бабылдың аспалы бағы, біздің заманымыздан бұрын VI ғасырда Вавилония әмірі кіші әйеліне арнап жасатқан. Бақ ерекше тәсілмен аспалы тепкішекті сәкі-алаңшалар үстіне салынған.
3. Эфестегі Артемида ғимараты кезінде әлемдегі ең үлкен ғибадатхана болған. Біздің заманымыздан бұрын IV ғасырда соғыс алапатынан қираған.
4. Олимпиадағы Зевстің мүсіні.

Біздің заманымыздан бұрын V ғасырда көне грек мүсіншісі Фидий алтын мен піл сүйегінен жасаған.

5. Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы біздің заманымыздан бұрын IV ғасырда салынған.

6. Жерорта теңізінің Родос аралындағы күн құдайы Родос алабы, биіктігі 45 метр біздің заманымыздан бұрын 285 жылы жасалған, біздің заманымыздан бұрын 224 жылы жер сілкінісі кезінде қираған.

7. Александрия шамшырағы біздің заманымыздан бұрын III ғасырда жасалған, мұнарасының биіктігі 160 метр.

Көшпенділер мәдениетке бай. Олар сайын даланың төсінде ғұмыр кешті. Еркін болды. Кең сахараның самал желін сезінді. Кәусар руханиятына сусындады.

Жеті қазына

Біздің алтын діңгегіміз асыл еді. Мәуелі бәйтеректей жайқалды. Әлемге өркениет пен мәдениеттің үлгісін танытты. Бүгінде сол істер тек естелік болып қалды.

Ұлы дала төсін мекендеген халықтар табиғат пен қоршаған ортамен етене жақын болды. Өздерінің өмір сүру дағдыларын дала мәдениетімен ұштастырған. Осыдан келіп құндылықтар жүйесі орнаған.

Жеті қазына:

- Жүйрік ат;
- Құмай тазы;
- Алғыр қыран;
- Білтелі мылтық;
- Қара қазан;
- Алмас кездік;
- Қара шаңырақ.

Бұл жердегі мысалданған құндылықтардың мағынасы айрықша. Дегенмен, кейбіреулерін әркім әртүрлі айтуы мүмкін. Ол жағы әлі де зерттеле жатар. Дегенмен, қарақөздеріміз білу керек деген дүниелерді топтастырып, сараладық.

P.S. Біз жеті санына қатысты бір ғана ойдың астарын түртіп өттік. Алайда, ғылыми тараптан зерттеп, том-том жинақ, монография құрастыратын уақыт жетті. Осы жағына мейлінше көңіл бөлінсе, өшкенімізді тугендеп, жоғалтқанымызды қайтарар едік.



ШАХМАТ

ЖЕТІ ЖАСАР ЖЕТКІНШЕК ФИДЕ-нің әлем чемпионы атанды

Мемлекет басшысы жас шахматшы Малика Зиядинге құттықтау хатын жолдады.

— Жеті жасқа дейінгі бүлдіршіндер арасында өткен сайыста жоғары деңгейде өнер көрсетіп, екі бірдей атақты иеленуің — Қазақстанның шахмат тарихында бұрын-соңды болмаған жетістік. Сен тума талантың мен жеңіске деген ерік-жігеріңнің арқасында осындай биік белесті бағындырдың. Өзің ізін басып келе жатқан қазақстандық шахмат шеберлерінің даңқты жолын лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін, — деп жазылған Президенттің құттықтау хатында.

Президент Малика Зиядиннің әрдайым жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектестік білдірді.

Еске сала кетсек, Панама астанасында мектеп оқушылары арасында шахматтан әлем чемпионаты аяқталды. Онда елімізде Жансая Әбдімәліктің Шахмат академиясында білім алып жатқан жас шахматшы отандасымыз Малика Зиядин чемпион атанды.



Жеті жасар Малика бірден екі атаққа ие болды: чемпион және жеті жасқа дейінгі жас санатында шахматтан әлем чемпионы. Бұл қазақстандық шахмат тарихындағы тұңғыш оқиға.

Турнирге қатысқан 36 жас шахматшылардың әрқайсысы тоғыз партиядан ойнады. Біріншілік нәтижесінде қазақстандық жеткіншек

барлық партияларды жеңіп, ең көп ұпай жинады.

Жарыс екі секцияда (ұлдар мен қыздар) және алты жас санатында өткізілді. Чемпионатқа барлығы 600-ге жуық шахматшы қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАТТЫҒУ ОРТАЛЫҒЫ

ЕКІНШІ МҮМКІНДІК БЕРІЛЕДІ

Алматыдағы республикалық спорт колледжінің жанынан жаңа жаттығу орталығы құрылады.

Алматыдағы республикалық спорт колледжінің базасында құрылатын жаңа жаттығу орталығы көптеген спортшыларға екінші мүмкіндік береді. Ол колледждің орнына емес, оның жанынан ашылады. Ал колледж өз жұмысын бұрынғы режимде жалғастырады. Ол талапқа сай жаңғыртылып, материалдық-техникалық базасын жақсартады, жоғары білікті мамандар тартылады. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігі хабарлады.

«Мектеп бітіргеннен кейін балалар қайда барады? Колледжге, соның ішінде РСК-ке де барады. Колледжден кейін тек бірінші нөмірлі спортшылар ұлттық құрама сапына алынады. Қалған балалар ешқайда кетпейді, яғни спорттық мансапты жалғастыруға мүмкіндігі жоқ. Көбісі заңгер, такси жүргізушісі, фитнес нұсқаушысы болып кетеді. Оқу орталығының арқасында біз оларға тағы бір мүмкіндік береміз. Біз олардың спорттық мансабын ұзартамыз», — деді Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.



Сонымен қатар, ведомство басшысы РСК жанындағы мектептің оқушылары «Қаркен Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» РММ және «Алматы қаласы «Шаңырақ» шағын ауданындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» РММ-не ауыстырылатынын атап өтті.

«Көпшілік қауым колледж бен мектепті шатастырады. Көпжылдық дәстүрі бар колледж қалады. Биыл онда жаңадан 50 спортшы қабылданып болады. Ал колледж жанындағы мектеп тек 2011 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанын былайғы жұрт білмейді.

Сондықтан да балалар өздері айналысқан спорт түрлері бойынша Алматыдағы басқа екі мектепке ауыстырылады», — деді министр.

Жаттығу орталығының базасында негізгі құрамаға енген спортшы ірі халықаралық жарыстарға, соның ішінде Олимпиада мен Әлем чемпионаттарына жыл бойы дайындала алады. Жаттығу орталығында, оның ішінде өмірлерден және аз қамтылған отбасылардан шыққан келешегі бар спортшылар дайындықтан өте алады. Осылайша адал бәсекелестік пен шынайы ынтылан-дыру салтанат құрады. Қазақстан Республикасының штаттық құрама командалары үшін сапалы резерв қамтамасыз етіледі.

ТЕННИС

Қазақстандық теннисшілер халықаралық жарыстардың шешуші кезеңдеріне шықты.

Жерлесіміз Гозаль Айнитдинова үнді спортшысы Зил Десаймен жұптасып, Үндістандағы ITF W25 сериялы турнирдің жұптық разрядының жартылай финалына шықты. Гозаль мен Зил ширек финалда карсыластары Луксика Кумхум мен Пеангтарн Плипуекті айқын басымдылықпен 6:1, 6:0 есебімен жеңді. Айнитдинова қазіргі уақытта әйелдер теннис қауымдастығының рейтингінде 434-орында тұр.

ШЕШУШІ САЙЫСТАРДА БАҚ СЫНАЙДЫ

Әлемнің 160-ракеткасы, қазақстандық Михаил Кукушкин Уимблдонның негізгі жарысына жолдама жеңіп алды. Іріктеу кезеңінің шешуші кездесуінде жерлесіміз әлемдік рейтингте 178-орында тұрған венгр Жомбор Пирошпен 3 сағат 35 минут күш сынасып, нәтижесінде 7:6 (7:3), 6:2, 4:6, 7:6 (7:0) есебімен басым түсті.

Тағы бір теннисшіміз Григорий Ломакин Италияның Милан қаласында өткен жұптық сында жартылай финалға жолдама алды. Украиндық теннисші Владислав Манафовпен бірге өнер көрсеткен Ломакин ресейлік-австриялық дуэт Алексей Ватутин мен Тристан-Самюэль Вейсборнды 1 сағат 46 минутқа созылған матчта 7:6, 7:6 есебімен жеңді.



Айта кеткен жөн, әлемнің бірінші ракеткасы, Үлкен Дулыға турнирінің жеңімпазы (АҚШ ашық чемпионаты-2021) ресейлік Даниил Медведев Нұр-Сұлтан қаласындағы турнирде өнер көрсететінін хабарлады. Astana Open ATP-250 2022 жылдың 18–25 қыркүйек аралығында өтеді.

ФУТБОЛ

Халықаралық футбол қауымдастықтары федерациясының (ФИФА) құрама командалар арасындағы жаңартылған рейтингінде Қазақстан ұлттық құрамасы он бір позицияға жоғарылады.

11 САТЫҒА КӨТЕРІЛДІ

Жаңартылған рейтингте Қазақстан рейтингтің алдыңғы (31 наурыз) жаңартылған сәтінен бастап Ұлттық командалар арасында ең үздік прогресті көрсетіп, 114-орынға жайғасты.

Айта кеткен жөн, Ұлттар лигасы аясында маусым айындағы ойындарда Қазақстан құрамасы Магомед Әлиевтің басшылығымен Әзербайжан командасын бір рет (2:0), Словакияны екі рет жеңген еді. Сондай-ақ, Беларусь құрамасымен тең ойнап (1:1), С лигасының 3-ші тобында 10 ұпаймен көш бастаған. Өткен кездесулерде Қазақстан қарсыласы болған Словакия 1440 ұпаймен 51-ші, Беларусь 1227 ұпаймен 96-шы тұр, ал 1127 ұпаймен Әзербайжан құрамасы 128 орынға жайғасты.

ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАЛАРЫ МЫНАНДАЙ РЕТТЕ ОРНАЛАСТЫ:

1. Бразилия – 1838 ұпай;
2. Бельгия – 1822 ұпай;
3. Аргентина – 1771 ұпай;
4. Франция – 1765 ұпай;
5. Англия – 1737 ұпай.

Келесі рейтинг 2022 жылдың 25 тамызында шығады.



ВЕЛОСПОРТ

ДЕЛИДЕН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Үндістан астанасы Нью-Делиде велотрестен ересектер, жасөспірімдер және параспортшылар арасындағы Азия чемпионаты аяқталды. Қазақстан спортшылары жарыстан төрт жүлдемен оралды.



Париж Олимпиадасының іріктеуіне ұпай берілетін құрлық біріншілігіне 15 елдің үздік спортшылары қатысты. Отандық велоспортшылар айтылған жарыста бір алтын, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алды.

Делиде Азия алтынын қоржынға Кирилл Курдиди салды. Ол бір шақырым қашықтықты уақытқа жарыс бәсекесінде 1:02.840 секунд нәтижесімен үздік болды.

Сондай-ақ, еліміздің велошабандоздары омниум жарысында бірнеше мәрте көзге түсті. Айта кеткен жөн, омниум сайысында велошабандоздар

бір күнде бірнеше бағдарлама бойынша жарысады. Нақты айтқанда, велотрестің 4 түрінен бақ сынап, ұпай жинайды.

Ерлер арасындағы омниум бағдарламасында Артём Захаров 123 балл жинап, күміс медальге ие болды. Ал әйелдер арасындағы омниум сайысында Рината Сұлтанова 121 ұпаймен қола жүлдені жеңіп алды. Бұл Қазақстан тарихындағы әйелдер арасындағы омниум сайысынан алғашқы жүлде болды. Сергей Пономарёв кейін бәсекесінде бақ сынап, қоржынды қоламен толықтырды.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ШЕШІМДЕР

Алматы қаласы мәслихатының шешімі туралы АҚПАРАТ		
Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 8 маусымдағы №139 шешімі		
2022 жылғы 8 маусым	ШЕШІМ	№139

Алматы қаласында Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-8-тармағына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

- Қоса беріліп отырған Алматы қаласында Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидалары бекітілсін.
- Алматы қаласы Мәслихатының аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:
 - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жариялау үшін жолданыс;
 - мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.
 - Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы	С.КАНКУРОВ
Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 8 маусымдағы №139 шешімімен бекітілген	

Алматы қаласында Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

- Осы Алматы қаласында Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №48 бұйрығымен бекітілген Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.
- Зират қорымдарын күтіп-ұстауға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24066 болып тіркелген) бекітілген «Зираттар мен жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен айқындалады.
- Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - жерлеу – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылысы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрыптарға және салт-дәстүрлерге сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (кабірге, лақатқа) жерлеу немесе сүйегі (күлі) бар урнаны кабірге, лақатқа жерлеу арқылы отқа жағу (кремациялау) бойынша әдет-ғұрып әрекеттері;
 - зират – қайтыс болған адамды немесе олардың сүйектерін (мүрделерін) жерлеу орны;
 - зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін (мүрделерін) жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;
 - зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұстау және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
 - азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеу органы) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган.

2-тарау. Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың тәртібі

- Жерлеу үшін орын бөлу тәртібі.
Жергілікті атқарушы органдар зират қорымы орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елдімекеннің қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елдімекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер учаскесін тегін бөледі.
Зират қорымының аумағы кабірілерге арналған қатарларға бөлінетін және автомобиль көлігіне арналған өтпе жолдармен және зират учаскелеріне өтетін жолдармен жайластырылатын учаскелерден тұрады.
Жергілікті атқарушы орган атынан Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты зиратқа арналған жер учаскелерін есепке алу және тіркеу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды ұйымдастырады, сондай-ақ жерлеу ісін ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.
Жергілікті атқарушы орган атынан Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында зират қорымының бос емес және бос учаскелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.
- Қайтыс болғандарды жерлеу тәртібі:
Жерлеу қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) №045/е нысаны бойынша қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) қайтыс болу туралы медициналық куәлікті зират қорымының әкімшілігіне ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.
Жерлеу зират қорымының әкімшілігі жүргізетін есепке алу журналында тіркеледі.
Есепке алу журналында мынадай мәліметтерді:
жерлеу жылын, айын, күнін;
кабірдің нөмірін;
қайтыс болған адамның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда);
туған және қайтыс болған күнін;
қайтыс болу себепін;
қайтыс болу туралы куәліктің нөмірін, күнін және кім бергенін;
марқұмның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні және нөмірі, жақын туыстарының мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы қамтылады.
Жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) жазбаша өтініші бойынша жергілікті атқарушы органға, қаладағы аудан әкімінің аппаратына (бұрын) қайтыс болған адаммен жақын туыстығын растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін бұрын қайтыс болған жақын туысының жанында жерлеу көрсетілген жерлеу орнында бос жер учаскесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының зираты болған кезде қамтамасыз етіледі.
Сот-медициналық зерттеуден кейін мейітханада жүрген қайтыс болған адамдардың табылған мейіттерін немесе олардың сүйектерін, сұға кеткендерді, үйден тыс жерде кенеттен қайтыс болғандарды жерлеу рәсімін ұйымдастыруды өзіне алуы мүмкін туыстары немесе адамдар мен мекемелер болмаған кезде қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.
Туысы жоқ адамдарды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.
Мына жағдайлардан басқа жағдайда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге жол берілмейді:
зират қорымы немесе оның учаскесін мерзімінен бұрын жою;
сүйектерді (мүрделерді) Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне немесе одан тыс жерлерге қайта жерлеу үшін жекелеген зираттардан тасымалдау кезіндегі жағдайларды қоспағанда, сүйектерді (мүрделерді) жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында қайта жерлеуге рұқсат етілмейді.
- Қабірлерді жобалау және салу:
қабірлердің учаскелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды;
қабірдің тереңдігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда кабірге арналған белгі жерасты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады;

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 20 маусымдағы №144 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 23 маусымдағы №28575 болып енгізілді.	
2022 жылғы 20 маусым	ШЕШІМ
№144	

«Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыс салудың қалақұрылыстық регламенттерін жүзеге асыру жоспарын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 қарашадағы №284 шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

- «Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыс салудың қалақұрылыстық регламенттерін жүзеге асыру жоспарын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 қарашадағы №284 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №720 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыс салудың қалақұрылыстық регламенттерін жүзеге асыру жоспарына 4-қосымшада:

Ж-3 бөлімінде жер телімінсіз аз қабатты (2-3 қабат) құрылыс аймағы, соңғы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығыс айналма жолының (ШШАЖ) Әл-Фараби даңғылының, Саин көшесінің, Жандосов көшесінің (Саин көшесінен қала шекарасына дейін) онтүстігіне қарай орналасқан ғимараттардың параметрлері құрылыстық барлық түрлері үшін ең жоғары биіктігі он екі метрден аспайтын жердің орташа жоспарлау белгісінен парапеттің үстіне (шатыр жотасына) дейін, цокольдық қабатты қосқанда үш қабаттан артық емес етіп белгіленсін, денсаулық сақтау және білім беру объектілерін салуды қоспағанда, бірақ 15 метрден артық емес.», мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Сондай-ақ көрсетілген шаршыда ауыл шаруашылығы мақсатындағы нысаналы пайдалануға арналған жер учаскелерін бөлуге және аз қабатты ғимараттар салуға жол берілмейді, сонымен қатар тау бөктерінің жолағында, онша ішінде еністігі 15 градус және одан жоғары тік беткейдегі алаңдарда.

Жоғарыда көрсетілген нормалар қолданыстағы параметрлер шегінде жүзеге асырылатын барлық үлгідегі тұрғын үйлерді және көсіпкерлік қызмет объектілерін қайта жоспарлауға (қайта жабдықтауға, қайта бейіндеуге), реконструкциялауға, жаңғыртуға, күрделі жөндеуге қолданылмайды.»

Ж-5 бөлімінде 6-12 қабатты көптептері тұрғын үйлер аумағы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Абай даңғылының онтүстігіне қарай, Әл-Фараби даңғылының солтүстігіне қарай, Ясауи көшесінің шығысына қарай, Шығыс айналма жолының (ШШАЖ) батысына қарай орналасқан тұрғын үй ғимараттарының рұқсат етілген параметрлері ең жоғары биіктігі отыз бес метрден аспайтын құрылыстың барлық түрлері үшін жердің орташа жоспарлы белгісінен парапеттің үстіне (шатыр жотасына) дейін 6-9 қабаттан аспайтын болып белгіленсін.

Бұл ретте тұрғын үй ғимараттарының параметрлерін жайылылықтың 3-сыныптан төмен емес қолдану қажет.»

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Жазыл да, ұтып ал!

Күрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбір-тектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, күрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін кабірдің тереңдігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 сантиметр қабатын хлорлы әк салынады; әрбір кабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үйімесі (бұдан әрі – кабір үсті төмпешігі) болады. Кабір үсті төмпешігі кабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

6. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстау:
Жерлеуге бөлінген учаскенің шекарасында:
табиғи тастан немесе бетоннан жасалған кабір үсті ескерткіштері мен құрылыстар, гүлзарлар мен орындықтар орнатуға;
кабір басында гүл, кейіннен қырқылып отырылатын сәндік бұтадан қоршау отырғызуға жол беріледі.
Зираттарды одан әрі күтіп-ұстауды жақын туыстары тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді.
Ескерткіштер мен құрылыстарды орналастыруға, үстелдерді, орындықтарды және құрылыстарды жерлеу учаскесінен тыс жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Зират қорымдарын (өтпе жолдар, соқпақтар, гүлбақтар, көгалдар, қаріздік, электрлік және су құбыры желілері және құрылыстар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы органдар күтіп ұстайды.

7. Жергілікті атқарушы органы мен зират қорымының әкімшілігі арасында зират қорымдарын күтіп-ұстау және оларға қызмет көрсетуге шарт жасау мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес өткізілетін конкурстың қорытындысы бойынша уақытылы жүзеге асырылады.

8. Зират қорымының әкімшілігі мыналарды:

- азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібі туралы, оның ішінде зират қорымы аумағындағы стөндтерде ақпарат орналастыра отырып, толық ақпарат беруді;
- қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақытылы дайындауды;
- жерлеу үшін әрбір жер учаскесін бөліп беруді белгіленген нормасын және зираттарды дайындау қағидаларын сақтауды;
- ғимараттарды, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды күйде ұстауды;
- жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да учаскелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстауды, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақытылы шығаруды қоса алғанда, зираттарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын бақылауды;
- азаматтарға жерлеу орнын күтіп-бағу үшін мұқымалды жалға беруді;
- жерлеу қызметтерінің өзге де субъектілеріне тең қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 8 маусымдағы №140 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 20 маусымдағы №28533 болып енгізілді.	
2022 жылғы 8 маусым	ШЕШІМ
№140	

«Алматы қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 мамырдағы №48 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

- «Алматы қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 мамырдағы №48 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23122 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Ұкіметі бекіткен мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қаржын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне сатып алу құқығын жүзеге асыру үшін әлеуметтік қосым көмек түріндегі (өтеусіз және қайтарымсыз негізде) бастапқы жарна сомасының 85% мөлшерінде тұрғын үй сертификатты ұсынылады, бірақ 1 500 мың (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы	С.КАНКУРОВ
1-ЖО жалпықалалық орталық жүйесі (ЖОЖ) аумақтары бөлімінде мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:	
«Абай даңғылының онтүстігіне қарай, Әл-Фараби даңғылының солтүстігіне қарай, Ясауи көшесінің шығысына қарай, Шығыс айналма жолының (ШШАЖ) батысына қарай жоспарланатын, параметрлері 9 қабаттан жоғары көпфункционалды ғимараттардың сузет, қала құрылысы негіздемесі, қоғамдық талқылаулардан өткен және қала құрылысы іс-шараларының кешенін өткізуде мемлекеттік органдардың қызметіне қолдау көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін Алматы қаласы әкімдігінің жанынан құрылған консультативтік-кеңесші органын оң шешімі болған жағдайда жол беріледі.	
Көпфункционалды ғимараттың тұрғын бөлігіндегі пәтерлерінің құрамы мен алаңы ғимараттың және (немесе) кешенінің жалпы алаңының 30% аспауы және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2020 жылғы 20 қантардағы №9-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР ҚН 3.02-09-2019 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 қантарда № 19907 болып тіркелді), қолданыстағы нормативтердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.».	
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы	С.КАНКУРОВ
Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына:	
2022 жылы 28 маусым, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ., Алатая ауданы, «Алғабас» ықшамауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би қ., 308-үй Ду-800 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.	
Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықшамауданы, Аксайская қ., Марғұлан қ., Трудовая қ., «Алтын бесік» ықшамауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықшамауданы, «Ақсай-3 Б» ықшамауданы, «Ақсай-2» ықшамауданы, Саин қ. (Төле би және Каболов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин қ. мен Өтеген батыр қ. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жаракат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.	
Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.	
Қосымша мәліметтерді «АлЭС» АҚ-дан алуға болады.	
Тел.: 8 (727) 227-70-21.	

АЛАТАЙ АҚПАРАТ

Бас директор – **Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ**

Қабылдау бөлмесі: 232-36-61.

Бас редактор – **Төрехан ДАНИЯР** тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы – **Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ** тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі – **Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,** тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор – **Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,** тел.: 232-36-51. e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері – **Дана ӘЛМЕШ,** тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері – **Алия ЕСИМХАНОВА** тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Мұрат ӘУЕЗОВ, Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі: «Alatay Aqparat» ЖШС. alatayaqparat@mail.ru Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға

Балалар
жылы
2022Жазғы
лагерьдің
қызығы
көп

Жаз маусымы – қала баласының ауылға, ауылдағы баланың қалаға асығатын кезі. Осындай мезгілде лагерьлердің жұмысы да қыза түседі.



Жетісу ауданындағы №108 жалпы білім беретін мектеп жанынан 60 оқушыға арналған мектепшілік «Балдырған» лагері ұйымдастырылды.

Лагерьде екі топ жұмыс жасап жатыр. Биыл балалар үшін жазғы демалыс Оқу-ағарту министрлігінің «Қазақстан балалары, жазды қуанышқа толтырайық!» тақырыбымен ұйымдастырылды.

Лагерьде демалушы балалар үшін әртүрлі ойындар, түрлі тапқырлық сайыстар өтеді. Балалар күнде жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар жасап, ертеңгіліктер, сайыстар ұйымдастырады.

«Көңілді старт», «Күштілер, батылдар» сайыстарын дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Р.Нұғұмар, Г.Ермекбай қызықты етіп өткізеді.

Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері А.Асылханова, М.Қабдуллина түрлі іс-шара ұйымдастырып, балалардың жан-жақты дамуына өз үлестерін қосуда. Сонымен бірге, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әлия Елемесқызы балаларды «Ертегілер еліне саяхат» жасатып, кітап оқуға деген қызығушылығын оятады.

Ал 1-сынып оқушыларының арасында З.Емиргазина, Э.Айтбаева «Жас суретшілер» тақырыбында көрме ұйымдастырды.

«Біз – бақытты баламыз» тақырыбында өткен концерттік бағдарлама «Балдырған» лагері оқушыларының көңілінен шықты.

М.ҚАБДУЛЛИНА.

БАЙҚАУ

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Қазақстандық бойжеткен Диана Пиртанова «ТМД аруы-2022» атағының иегері атанды. Сайысқа 13 мемлекеттен 18 жастаң 27 жасқа дейінгі 23 бойжеткен қатысты. Аталмыш іс-шара Армения астанасы Ереван қаласында ұйымдастырылған.

2-орын Грузиядан барған Эмми Мхитарянға бұйырды. Эстон аруы Карина Низинкая 3-орын алды.

«Байрақты бәсекеде қазақ халқының салт-дәстүрімен, мәдениетімен таныстым. Жеңімпаз атанамын деген үміт болғанымен, тәж киемін деп күтпеп едім. Бізді жылы қабақпен қарсы алғаны үшін Армения халқына алғысымды білдіремін», – дейді жеңімпаз Диана Пиртанова.

«ТМД аруы» байқауы талантты аруларды бар әлемге танытады. Арменияда осымен екінші рет ұйымдастырылып отырған іс-шара көптің көңілінен орын алуға.

Армения астанасына ТМД елдері (Әзербайжанды қоспа-



ғанда), сонымен қатар Грузия, Литва, Латвия, Эстония және Куба арулары келді.

Айта кетейік, «Мисс ТМД» байқауы 1996 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

СӘН ҚОЙЫЛЫМЫ

БРИТАНДЫҚТАРДЫ ТАҢҚАЛДЫРДЫ

Жібек жолынан Лондондағы Паль Маль көшесіне дейін

Қазақи нақыштағы отандық өнімдер батысты бағындыруда. Жас талантты дизайнер Айдана Омарова Лондонда ұйымдастырылған Silk Road Fashion сән қойылымында көптің қошеметіне бөленді.



Оюмен өрнектеліп, заманауи стильде үйлесім тапқан киімдер британия жұртшылығына таңдай қақтырды.

Кардигандар мен сыртқы киімдер талғамы жоғары британ жұртын таңқалдырды. Сала мамандары бұл топтама Ұлыбритания астанасында өтетін Лондон сән апталығында да көрсетілуі керек деген ұйғарымда.

«Британ сән кеңесінің мүшесі ретінде осындай қойылымдарға қатысып, жаңа дарын иелерін іздейміз. Меніңше, Айдана Кутюр бренді ше-

телдік нарыққа сұранып тұр. Мен мұндай дизайнды батыста бұрын-соңды көрген емеспін», – дейді Лондон сән апталығының өкілі Сибду Дладла.

Silk Road Fashion сән қойылымының тақырыбы да өте тамаша «Жібек жолынан Лондондағы Паль Маль көшесіне дейін» деген атпен ұйымдастырылған. Бұған дейін Айдана Омарова дизайнерлік топтамасын Италия мен Германияда көрсеткен.

«Болашақта Лондон қаласында және басқа елдерде жеке коллекциямызды, брендімізді, дүкендерімізді ашу жоспары тұр. Қазір біздің Түркия, Араб елдерінде, Дубай қаласында және басқа да шетелде дүкендеріміз бар. Қазақстанның өнімін бүкіл әлемге паш етуге тырысып жатырмыз. Іс-шара Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толуына орай өткізілді», – дейді дизайнер Айдана Омарова.

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Жүрегімнің
несі»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.

Режиссері: Дәурен Қамшыбаев.

Басты актерлар: Адина Бажан, Берік Айтжанов, Ольга Ландина, Мұрат Биссембин.

Жанры: Драма.

Ұзақтығы: 111 минут.

Күні мен уақыты: 26 маусым, 18.30.

«Енелер мен
келіндер»

Өтетін орны: Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры.

Авторы: Сұлтанәлі Балғабаев.

Қоюшы-режиссері: Ержан Қауланов.

Қоюшы-суретшісі: Нұржан Сәменов.

Жанр: комедия.

Ұзақтығы: 1 сағат, 20 минут.

Күні мен уақыты: 25 маусым, 18.30.

Т.Мыңбаев
«Фрески»

Өтетін орны: Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры.

Ұзақтығы: 1 сағат, 40 мин.

Жанры: балет.

Қосымша: тамақ пен сусындармен кіруге тыйым салынады.

Күні мен уақыты: 25 маусым, 18.00.

Виктор
Цойдың
60 жылдығына
арналған
концерт

Өтетін орны: «Алматы Арена» мұз айдыны.

Ұзақтығы: 1 сағат, 30 минут.

Жас санаты: 3+

Күні мен уақыты: 25 маусым, 19.00.



Zere

Өтетін орны: Барлық кинотеатрдан тамашалай аласыздар.

Шығарылған елі: Қазақстан.

Режиссері: Дәурен Қамшыбаев.

Басты актерлар: Адина Бажан, Берік Айтжанов, Ольга Ландина, Мұрат Биссембин.

Жанры: Драма.

Ұзақтығы: 111 минут.

Жас шектеуі: 16+

Күні мен уақыты: 28 маусым, 18.30.

Алматыда
Дрифт

Өтетін орны: Sokol

СТК Автодромы.

Күні мен уақыты:

25 маусым, 19.00.

Жас шектеуі: 16+

Әзірлеген
Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ.